7. Мотоблокпен жұмыс істеуге рұқсат етілмеген, тәжірибесіз, тікелей жұмыспен айналысып жатпаған тұлғалар қауіпсіз қашықтықта тұруы керек. Бөгде адамдарға мотоблок жұмыс істеп жатқан аймақта тұруға тыйым салынады.
8. Қозғалтқышты іске қосар алдында мотоблоктың барлық айналатын бөліктері қорғаныс қаптамаларымен жабылғанына көз

жеткізіңіз. Қорғаныс қаптамасы шешілген күйінде жұмыс істеуге тыйым салынады.

9. Ешқашан қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде мотоблокқа май құймаңыз және ешқандай қызмет көрсету жұмыстарын жүргізбеңіз. Қызмет көрсету, тазарту немесе май толтырудың алдында осы нұсқаулықта суреттелгендей қозғалтқышты толық тоқтатыңыз.
10. Қозғалтқышқа май құю кезінде сұйық отынды төгіп алмау үшін абай болыңыз, төгілген сұйық отынды шүберекпен толық құрғағанша сүртіп кетіру керек. Бұл талап редукторға майлау материалдарын құюға да қатысты.
11. Мотоблоктың жұмыс істеу немесе қызмет көрсету аймағында ашық оттың болуына жол бермеңіз.
12. Пайдаланылған газбен ұлануды болдырмау үшін мотоблокты жабық жайда, жылыжайларда және көшетханаларда қолданбаңыз және қозғалтқышты іске қоспаңыз.
13. Қозғалтқыш пен тұншықтырғыштың бөлшектеріне қол тигізбеңіз, себебі жұмыс істеп тұрған кезде олардың температурасы жоғары болады, сондықтан күйік шалуы мүмкін.
14. Мотоблокты пайдалану кезінде қолайлы жеке қорғаныс құралдарын, яғни қорғаныс көзілдірігін, қолғап, құлақтығын, жабық аяқкиімді (тайғанауға қарсы табанымен) пайдаланыңыз. Өзіңіз орындап жатқан жұмысқа лайық киімді киіңіз.
15. Шуыл мен тербелістің кері әсер етуін болдырмау үшін мотоблокты тоқтатып және қозғалтқышты сөндіріп, технологиялық үзіліс жасаңыз. Мотоблокпен үздіксіз жұмыс істеу уақыты бір сағаттан аспауы тиіс.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ / БЕНЗИНДІ МОТОБЛОК ҚҰРЫЛЫМЫ

16. Осы Нұсқаулықта суреттелген мотоблокты техникалық тексеру және қызмет көрсету мерзімділігін сақтаңыз.

17. Пайдалану кезінде тек мотоблоктың артқы жағынан орын алыңыз. Қозғалыс барысында бір бүйірінде немесе алдында тұрмаңыз – бұл кездейсоқ мотоблокқа құлап кету немесе қолдың не аяқтың фрезалар мен дөңгелектердің қауіпті жұмыс аймағына тап болуы салдарынан жарақат алуға себеп болуы мүмкін.

18. Анықталған ақаулары бар мотоблокпен жұмыс істеуге тыйым салынады. Кемшіліктері мен ақаулары анықталған жағдайда тез арада жұмысты тоқтатып, жөндеу үшін авторландырылған PATRIOT сервистік орталығына жүгінген жөн.

19. Оператор мотоблоктың қауіпті жұмыс аймағын бақылауы тиіс. Егер қауіпті аймақта адамдар немесе жануарлар жүрсе, жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

20. Мотоблокты 20 градустан асатын еңісте, сондай-ақ оның аударылып кетуі мүмкін жерлерде пайдаланбаңыз.

21. Жанармайдың буын жұтпаңыз және иіскемеңіз сондай-ақ оны теріге тигізбеуге тырысыңыз. Отын көзге тиген жағдайда тез арада көп мөлшердегі сумен шайып, дәрігерге қаралыңыз.

22. Бұл жабдықтың пайдаланылған газдары өте уытты болып табылады және денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін! Пайдаланылған газды иіскемеңіз, бұл денсаулық үшін қауіпті.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Жабық жайда, шектеулі кеңістікте жұмыс істемеңіз. Жұмысты жүргізетін орынның қосымша желдеткіші барына көз жеткізіңіз.

БЕНЗИНДІ МОТОБЛОК ҚҰРЫЛЫМЫ (48 бет, 1 сур.)

1. Газдың тұтқасы;

2. Оталдыру тетігін ажыратқыш;

3. Басқару қапсырмасы (рөл);

4. Рөлдің еңісін реттегішті ұстатқыш;

5. Қорғаныс қанаты;

6. Түрен;

7. Жалғастырғыш тетігі;

8. Рөлді бекіткішті ұстатқыш;

9. Ауа сүзгісі;

10. Отын багы;

11. Қозғалтқыш;

12. Аспалы жабдықтың бекітпелері;

13. Пневматикалық дөңгелек;

14. Фреза.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Бұйымның сыртқы көрінісі мен құрылымы нұсқаулықта көрсетілгенінен басқаша болуы мүмкін.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Атауы	Владимир
4 тактілі, бензинді қозғалтқыш	PATRIOT P170FC
Қозғалтқыштың қуаттылығы, л.с.	7,0
Біліктің ең жоғарғы айналу жиілігі, айн/мин	3600
Беріліс саны	2 алға / 1 артқа
Орын ауыстыру жылдамдығы (1 беріліс / 2 беріліс), км/с	3,5 / 6,0
Қопсытылатын жердің ені, см	90
Қопсыту тереңдігі, см	16-30*
Белсенді топсаны қосу мүмкіндігі	Бар
Отын бағының сыйымдылығы, л	3,5
Стартер	Қолмен
Редуктор	Шойын
Тасымалдау дөңгелегі	Жоқ
Жетекті белдік	17x914Li (963)-01
Пневматикалық дөңгелектер, протектор шырша габарит	2 дана. P4.00-8D
Қолданыстық күйдегі габариттер (ДхШхВ), см	180x90x115
Тұтқасы жиылған күйдегі габариттер (ДхШхВ), см	110x90x90
Жарақтандырылған салмақ, кг	94

МАЙЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ МАЙ ҚҰЮ ҮДЫСТАРЫ

Атауы/үлгісі	Владимир
Қозғалтқышы PATRIOT P170FC	
Мотор майының маркасы	PATRIOT SPECIFIC HIGH-TECH 5W30 SJ/CF
Май қартерінің сыйымдылығы, л	0,6
Май ауыстыру мерзімділігі	50 сағат
Отын	
Отын	Бензин АИ-92
Отын бағының сыйымдылығы, л	3,5
Редуктор	
Трансмиссиялық майдың маркасы	PATRIOT HYPOID API GL-4 80W85
Май қартерінің сыйымдылығы, л	1,0
Кезеңділігі майын ауыстыру	Жылына бір рет немесе 50 сағат жұмыс

БЕНЗИНДІ МОТОБЛОКТЫ ҚҰРАСТЫРУ

Мотоблок барынша жиналған күйінде жеткізіледі, бос жүріс және қозғалыс кезіндегі жұмыс режимінде тексерілген.

1 ҚАДАМ. Мотоблоктың орауын шешіңіз. Оны мұқият қораптан алып шығыңыз, фрезалар жетегі мен дроссельді жапқыштың сымарқанын зақымдап алмаңыз. Барлық қолжетімді бекітілмеген бөлшектерін алып шығыңыз.

2 ҚАДАМ. Күпшектерін мотоблоктың дөңгелектеріне орнатыңыз, оларды төрт бұрандама мен сомындардың көмегімен бекітіңіз. Протектордың суретіне назар аударыңыз, оны қозғалыс бағытына қарай бағыттаңыз. Дөңгелектерді мотоблокқа орнатыңыз.

3 ҚАДАМ. Фрезаларды құрастыру. Фрезалар салынған қораптың орауын шешіп, оларды төмендегі реттілікпен жинаңыз:

а) Фрезалардың пышақтарын 90° бұрышпен бір-біріне, жұп-жұбымен қаусырып (бір орнату алаңына 4 пышақтан) қосыңыз.

б) Пышақтардың жақын қатарын редукторға орнату суретте көрсетілгендей етіп жасалады. Пышақтарды орнату төмендегі реттілікпен орнатылады: сол жақтағы пышақ оң жақ пышақтан кейін орнатылады (49 бет, 2 сур.).



*** НАЗАР САЛЫҢЫЗ!** Пышақтар орнату **платформасының артына орнатылады.** Бұл жағдайда пышақтың кескіш жиегі фрезаның қозғалыс жүрісінің бойында тұруы тиіс.

в) Фрезалардың табанына келесі пышақ қатарларын жинау осыған ұқсас ретпен жүргізіледі (жиындағы оң жақ фреза). Осыған ұқсас операцияларды сол жақ фрезаны құрастыру

кезінде де жүргізу қажет. Қопсытқышқа фрезаларды орнатамыз (49 бет, 3 сур.).

4 ҚАДАМ. Басқару тұтқасын орнатыңыз, оны биіктігі бойынша реттеңіз және ұстатқышпен бекітіңіз.

5 ҚАДАМ. Түренді орнатыңыз. Бекіту «саусақтарының» көмегімен бекітіңіз.

6 ҚАДАМ. «Владимир» мотоблогы үшін аспалы жабдықтың бекіту коннекторын орнатыңыз.

7 ҚАДАМ. Қанаттардың артқы және алдыңғы деңгейлерін орнатыңыз және оларды бекітіңіз.

8 ҚАДАМ. «Владимир» мотоблогы ішіне май құйылған редуктормен жеткізіледі. Пайдаланудың бірінші жылы май құю немесе ауыстырудың қажеті жоқ.

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

Мотоблокты әрбір қолданар алдында төмендегі операцияларды жасау қажет:

1. Жабдықтың кір мен шаңнан тазартылғанына көз жеткізіңіз. Әсіресе, фрезалардың ішкі бетіне, сондай-ақ қозғалтқышқа баса назар аударылуы тиіс.
2. Мотоблоктың зақымданған жерлері бар-жоғын мұқият қарап тексеріңіз, барлық басқару органдары жарамды күйде болуы керек.
3. Отын шлангілерінде, құю қылтасының тығындарында, май қартері мен отын бағында тесіктері бар-жоғын тексеріңіз, қандай да бір саңылау анықталған жағдайда оны жұмыс басталғанға дейін бітеңіз.
4. Қозғалтқыштағы майдың деңгейін тексеріңіз және қажет болған жағдайда толтырып құйыңыз. Тиісті тұтқырлықтағы сәйкес келетін мотор майын пайдаланыңыз. Май ауыстыруды қозғалтқыштың жылы кезінде жүргізіңіз. *(техникалық қызмет көрсету тарауын қараңыз).*
5. Редукторда май бар-жоғын тексеріңіз. Тиісті тұтқырлықтағы трансмиссиялық майды пайдаланыңыз. Майын дер кезінде ауыстырып отырыңыз. *(техникалық қызмет көрсету тарауын қараңыз).*
6. Мотор майының деңгейін тексеріңіз және қажет болған жағдайда толтырып құйыңыз. Октандық саны АИ-92 таза отынды пайдаланыңыз. Ластанған отынды пайдалану отын жүйесінің бұзылуына алып келуі мүмкін.
7. Барлық бұрандамамен қосылған жерлердің бекітілуін тексеріңіз, қажет болған жағдайда бұранданы тарту қажет.

8. Ауа сүзгісін тексеріңіз. Сүзгілегіш элементтің ішіндегі кір мен шаңның шектен тыс көп мөлшері қозғалтқыштың тұрақсыз жұмысына алып келеді. Ауа сүзгісі ластанған болса, оны тазартыңыз *(техникалық қызмет көрсету тарауын қараңыз).*

9. Жетекті белдіктің керілу дәрежесін тексеріңіз. Екі тегершіктің арасындағы күшпен белдіктің керілуі кезіндегі рұқсат етілетін мәні 10-15 мм. болуы тиіс *(техникалық қызмет көрсету тарауын қараңыз).*

БЕНЗИНДІ МОТОБЛОКТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

Жұмысқа дайындау

Мотор майын құю

Мотоблок қозғалтқышына май құйылмаған күйі жеткізіледі. Іске қосар алдында міндетті түрде оны осы Нұсқаулықтың 35 бетіндегі «майлау материалдары және май құю ыдыстары» кестесіне сай тиісті маркадағы маймен толтырыңыз.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Өндіруші ұсынған қозғалтқыштың майларға сәйкес келмеуі, сондай-ақ қозғалтқыштың қартерінде майдың аз болуы немесе мүлде болмауы қозғалтқыштың айтарлықтай бұзылуына алып келуі мүмкін. Бұл кепілдік беруден бас тартуға себеп болып табылады.

Жанармай құю

Отын бағын толтырыңыз. Оны шектен тыс толтырмаңыз. Таза, жаңа құйылған, этилдендірілмеген, октанды саны АИ 92 бензинін пайдаланыңыз. Майды бензинмен араластырмаңыз.

БЕНЗИНДІ МОТОБЛОКТЫ ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

Бензинді мотоблокты іске қосу

1 ҚАДАМ. Отын клапанының тұтқасын «ашық» қалпына келтіріңіз (*шеткі оң жақ қалып*) (49 бет, 4 сур.).

2.1 ҚАДАМ. Суық қозғалтқышты іске қосу үшін ауа жапқыштың иінтірегін «жабық» қалпына келтіріңіз (*шеткі сол жақ қалып*) (49 бет, 5 сур.).

2.2 ҚАДАМ. Ыстық қозғалтқышты іске қосу үшін ауа жапқыштың иінтірегін «ашық» қалпында қалдырыңыз (*шеткі оң жақ қалып*).

3 ҚАДАМ. Рөлдегі газдың иінтірегін «минимум» қалпынан шамамен $\frac{1}{2}$ жүрісіне «максимум» қалпының бағытында жылжытыңыз.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Бензинді мотоблокпен жұмыс істеудің бастапқы кезеңінде газдың иінтірегін орташа қалыпта орнату ұсынылады.

4 ҚАДАМ. Рөлдегі ажыратқышты «ON» (*қосылған*) қалпына ауыстырыңыз.

5 ҚАДАМ. Стартер бауының тұтқасын едәуір қарсылықты сезгенше тартыңыз, осыдан кейін қатты тартып қалсаңыз, қозғалтқыш оталады. Стартердің бауын барынша (*бар ұзындығын*) тартып шығаруға, сондай-ақ оны бірден жібере салуға болмайды.

6 ҚАДАМ. Қозғалтқыш оталып, біраз жұмыс істегеннен кейін ауа жапқыштың иінтірегін «ашық» қалыпқа ауыстырыңыз (*шеткі оң жақ қалып*), және қозғалтқышты ең төменгі айналымда 3-5 минут қыздырыңыз.

7 ҚАДАМ. Жылдамдықтар иінтірегін қажетті қалыпқа ауыстырыңыз. Қалпын ауыстыру мотоблок толық тоқтаған жағдайда ғана жүргізілуі тиіс.

8 ҚАДАМ. Жалғастырғыш иінтірегін жайлап басыңыз.

Ескертпе! Мотоблоктың күрт секіріп кетуін болдырмау үшін жалғастырғыштың қосу иінтірегін жайлап басу керек.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Мотоблокты пайдалана бастағаннан бастап 20 сағат бойы жүргізіп, жұмысқа бейімдеу қажет. Мотоблоктың ауыр және батпақты топырақта немесе тың жерде қопсытудың толық тереңдігінде жұмыс жасауына жол бермеңіз. Газдың тұтқасын оның жүрісінің $\frac{1}{2}$ -нен артық пайдаланбаңыз.

Бензинді мотоблокты тоқтату



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Төтенше жағдайларда қозғалтқышты тоқтату үшін жай ғана рөлде орналасқан ажыратқышты «OFF» (*сөндірілген*) қалпына бұраңыз.

Қалыпты жағдайларда төмендегі тәртіпті қолданыңыз.

1 ҚАДАМ. Рөлдегі газдың иінтірегін «минимум» қалпына ауыстырыңыз, қозғалтқыштың баяу айналымда 1-2 минут жұмыс істеуіне мүмкіндік беріңіз.

2 ҚАДАМ. «Владимир» мотоблогына арналған рөлдегі ажыратқышты «OFF» (*сөндірілген*) қалпына айналдырыңыз.

3 ҚАДАМ. Отын клапанының тұтқасын «жабық» қалпына ауыстырыңыз (*оң жақ қалып*).

БЕНЗИНДІ МОТОБЛОКТЫ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Топырақты қопсыту

Үйіргелік учаскедегі жерді мотоблоктың көмегімен топырақты аудармай өңдеу әдісімен өңдеу, яғни топырақты фрезалармен қопсыту. Бұл үшін фрезаларды жинап, мотоблоктың осьтеріне орнату қажет.

Топырақты фрезалармен өңдеу кезінде топырақтың жоғары, құнарлы топырағы қопсиды, бұл жағдайда ол оттегімен байытылып, арамшөптерден тазартылады.

Ескертпе! Фрезаларды қайрауға болмайды! Себебі, қайралған фрезалар арамшөптерді тамырымен бірге қопарып шығармай, тек ортасынан қиып түсетін болады. Нәтижесінде учаскені қопсытудың тиімділігі жоғалады.

Жыртылған учаскені қопсытудың ерекшеліктері.

1. Егер мотоблок топырақты қопсытып жатып, «тығылып қалса», демек:

а) түрен топыраққа қатты тереңдей енген – түреннің тереңдеткішін реттеңіз. Топырақты мотоблокпен қопсыту кезінде оны тежеп ұстау немесе итерудің қажеті жоқ, мотоблоктың рөлінен ұстап, газдың тұтқасымен артық қозғалыс жасамаңыз, жұмыс сәтінде оған тиіспеңіз. Газды тек тоқтаған кезде ғана түсіріңіз.

б) жер әлі жеткілікті құрғамаған болуы және фрезалардың

жұмысшы бөлігіне толып қалуы мүмкін – бұл жағдайда мотоблоктың қозғалтқышы барынша жүктемемен жұмыс істей бастайды, қатты қызып, істен шығуы мүмкін – топырақтың қажетті күйге жетуін күтіңіз.

2. Егер фрезаларды тереңдету мүмкін болмаса, оларды топырақтың бетіне итеріп шығарып жіберсе – демек дұрыс орнатылмаған, кесетін бөлігі мотоблок қозғалысының жүрісі бойына бағытталмаған – фрезалардың кесетін бөлігін мотоблок қозғалысының жүрісі бойына қайта орнату керек. Түрен тым ұсақ тереңдесе – түреннің тереңдеткішін реттеңіз. Учаскедегі топырақ «ауыр» болса, бұл жағдайда қопсытуды екі кезеңде жүргізу қажет. Бірінші рет учаскеден фрезалардың ұсақ тереңдеуімен жүріп өтіңіз, екінші рет фрезаны топырақты өңдеудің талап етілген шамасына дейін тереңдетіңіз.

3. Егер мотоблоктың қозғалтқышы ең жоғарғы айналыммен жұмыс істеп тұрса, бірақ мотоблок жерге «тығылып» қала берсе, қуаты жетпесе - демек айналымдардың беріліс саны фрезаларды айналдыруға жеткіліксіз. Мотоблок қозғалтқышындағы белдікті беріліс тегершігінің орнын ауыстырып (Жетекті белдіктің керілуін реттеу тармағын қараңыз), белдіктерді тегершіктің одан да тереңірек жылғаларына орнату керек, бұл редуктордың жетегіне айналымдардың беріліс санын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда қопсыту аса жоғары жылдамдық берілісте жүргізіледі.

Тың жерді қопсытудың ерекшеліктері

1. Алаң шағын болған жағдайда, тың жердің бәрін мотоблок-

БЕНЗИНДІ МОТОБЛОКТЫ ТӘЖІРИБЕДЕ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

пен де қазып тастауға болады. Барлық шөпті орып, алып тастаңыз. Бұл шөптің фрезаларға оралуының алдын алып, одан әрі қарайғы жұмысты жеңілдетеді.

2. Мотоблокқа төрт фрезаны орнатыңыз, және шуақты күні учаскені бір рет бірінші жылдамдықпен жеңіл-желпі қопсытып шығыңыз. Бір апта ішінде жыртылған шым кебеді, және көпжылдық арамшөптердің көбі өледі.

3. Сосын төрт фрезамен учаскені екінші рет толық тереңдікте қопсытып, бір ай бойы тұра тұруына мүмкіндік беріңіз. Қыста алты фрезамен үшінші рет толық тереңдікте қопсыту жүргізіңіз. Көктемде толық тереңдікте өңдеуді қайталаңыз.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Ылдиларда қопсыту кезінде жұмысты тек диагоналі бойымен ылдидың бетіне қарай жүргізіңіз. Еңіс 20 градустан аспауы тиіс.

Жер жырту*

Топырақты мотоблокпен жырту үшін қосымша аспалы жабдықты, атап айтқанда топырақілгіші (ГРЗ 400.180.Д30) бар дөңгелектерді, соқа (ПЛ 120.400.210.3) және әмбебап тіркеме (СЦ 120.320.4) сатып алу керек.

Немесе аспалы ауылшаруашылық жабдықтар жиынтығын сатып алған жөн. Бұл операцияға бағбандардың сұранысы аздау, себебі оны жүзеге асыру үшін едәуір күш жұмсау керек болады. Бірақ, кейбір жағдайларда, бірнеше сотыққа дейінгі шағын аумақта бұл операция, мысалы жасылтыңайтқыштарды жырту үшін қажет және тіпті пайдалы.

Жердің одан әрі қарайғы өңделуі бірінші жүргізілген қатарға байланысты, бұл үшін өңделетін учаскені ортасынан ең үлкен ұзындықта екі қазықша мен арқанның көмегімен екі бірдей бөлікке бөліңіз. Жер жырту үшін жарақталған мотоблокты дөңгелегімен арқанның бойымен бір жағынан, сосын кері бұрылған соң, екінші жағынан жүргізіп өтіңіз. Одан әрі қарайғы жұмыс осы бірінші қатардың жүргізілу сапасына байланысты болады. Егер жердің қабаты аударылмаса және атызға құласа, оны қолмен аударыңыз. Одан әрі бір дөңгелекті жасалған атыздың бойымен жүргізіңіз, мотоблок біршама қисайып жүреді және жер қабатын бұрын жасалған атызға аударады. Топырақты қармау енін соқаның баптағышымен реттеңіз – оңтайлы ені 10-15 см-ді құрайды.

Мотоблокпен жер жырту кезінде едәуір күш оператордың қолына түседі, осы жүктемелерді азайтып, оларды қайта бөлу үшін мотоблоктың осьтеріне бірнеше килограмдық арнайы жүктерді орнатыңыз және ПМ-05 жер жырту-мину модулін қосыңыз.

Жоталарды ою*

Картоп, қырыққабат және басқа да дақылдарды отырғызу үшін топырақты қопсытқаннан кейін жоталар ойылып, онда органикалық тыңайтқыш пен егілетін материал орналастырылады. Бұл үшін ортасына орнатылатын топырақілгіші (ГРЗ 400.180.Д30) мен түптегіші (ОК1 350.585) бар металл дөңгелектер керек болады. Жоталарды оюға арналған аспап ретінде картопқазғышты (КВ 260.445.5) пайдаланыңыз.

Жоталардың арақашықтығы 65-70 см болып шығады. Қопсытылған учаскені арқанмен екі бірдей бөлікке бөліп, мотоблоктың дөңгелегін

арқанның бойымен жүргізіп өтіңіз. Бірінші қатарды жүргізіп болғаннан кейін арқанды алып тастаңыз – бұдан әрі алдыңғы атыздың шеті келесі қатарларға бағдар болады.

Жүктерді тасымалдау*

Жүктерді тасымалдау үшін қосымша әмбебап тіркемені (ПМ-03) сатып алу керек. Тіркемені мотоблоктан қосу оқ ағаш пен металл саусақтың көмегімен жасалады. Тасымалданатын жүктің салмағы – 250 кг-ға дейін, қозғалыс жылдамдығы – екінші берілісте 10 км/с-қа дейін. Мотоблокқа пневматикалық шаттатқы дөңгелектер орнату қажет.

Тіркемені жүктеу кезінде жүкті шамалы артқа көбірек күш түсіре отырып, бірдей етіп бөлу керек, мұндай бөлу мотоблок пен тіркеме оқ ағашының қосылған жеріне түсетін жүктемені азайтады, бұл түпкі нәтижеде осы әлсіз тораптың пайдалану мерзімін ұзартады.

Мотоблокпен жүк тасымалдауды тек тіркемемен ғана емес, сүйретпемен де жүзеге асыруға болады. Бұл үшін топырақілгіші (ГРЗ 400.180.Д30) бар металл дөңгелектерді кигізген дұрыс. Жүктің, мысалы бөрененің беті тегіс болуы және шығып тұрған бұтақтары болмауы керек.

Түптеу*

Технологиялық шаралар талап ететін картопты, қырыққабатты және басқа да дақылдарды түптеу жұмыстарын жүргізу үшін қосымша реттелетін түптегіш (ОҚД 700.625.17) пен топырақілгіштер (ГР1 685.12) жиынтығын сатып алу қажет. Түптеуді үш кезеңде жүргізген дұрыс.

Мотоблокқа топырақілгіштерді (ГР1 685.12) және түптегішті (ОҚД 700.625.17) орнатыңыз. Дисктерді олардың төменгі нүктелерінің арасындағы қашықтық қатарлардың арасындағы енге тең болатын-

дай етіп орналастырыңыз (бұл жағдайда мотоблок дөңгелектерінің ізінің ені де қатарлардың арасындағы енге тең болуы керек), түптегіш бір бүйірге тартып кетпеуі үшін талрептерді бұру жолымен дисктердің бірдей бұрылыс бұрыштарын орнатыңыз.

1. Бірінші түптеуді отырғызу қатарлары белгіленгеннен кейін ең ерте мерзімде жүргізген дұрыс.
2. Бірнеше күннен кейін екінші рет түптеу жүргізіңіз.
3. Үшінші және соңғы түптеуді бұталар 30 см-ге дейін өскен кезде жүргізіңіз.

Картоп пен тамыржемістерді қазу*

Тамыржемістерді қазып алу жұмыстарын жүргізу үшін қосымша картопқазғыш (КВ 550.445.5), металл дөңгелектер, топырақілгіштер (ГРЗ 400.180.Д30) және әмбебап тіркемені (СЦ 120.320.4) сатып алу қажет.

Аталған жабдықты мотоблокқа орнатыңыз.

Жұмыстарды жүргізу кезінде мотоблокты қатарға металл дөңгелектер қатарлардың арасында, ал картопқазғыш қатардың ортасында жүретіндей етіп жақындатыңыз. Картопқазғыштың еңкеюін реттей отырып, атыздың қажетті тереңдігіне қол жеткізіңіз.

Қар үйіндісімен жұмыс істеу*

Аумақты қардан тазарту жұмыстарын жүргізу үшін немесе учаскені жоспарлау кезінде қосымша «Владимир» мотоблогына арналған ОС 100 қар қайырмасын сатып алу қажет.

«Владимир» мотоблогына арналған монтаж – қайырманы аспалы жабдықтың бекіту коннекторына жалғаңыз. Сол жақ және оң жақ еңіс бұрышын ұстатқыштардың көмегімен орнатыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Жалпы қызмет көрсету

Бензинді мотоблок ұзақ жұмысқа арналған. Бұл жағдайда тұрақты техникалық қызмет көрсету қажет. Әрдайым тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді және ұсынылған майлау материалдары мен отынды пайдаланыңыз. Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді пайдалану кепілдікті жоюға алып келуі мүмкін.

Техникалық қызмет көрсетуді бастар алдында қозғалтқышты сөндіріп, сымды оталдыру білтесінен ажыратыңыз. Ішіндегі майдың дәл қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін әрдайым мотоблокты тегіс жерге орналастырыңыз. Тек ұсынылған майларды ғана пайдаланыңыз.

Күнделікті қызмет көрсету:

- Мотоблоктың корпусын балшықтан тазарту;
- Фрезалардың ішкі бетін тазарту;
- Ауа сүзгісін тексеріп, қажет болған жағдайда оны тазарту;
- Қозғалтқыштағы майдың деңгейін тексеру;
- Бұрандамалар мен сомындардың бекітілуін тексеріп, қажет болса, оларды тартып бұрау.

Алғашқы 5 сағат жұмыстан кейін:

- Жетекті белдіктің керілуін тексеру және реттеу;
- Қозғалтқыштағы майды ауыстыру.

Әрбір 50 сағат жұмыстан кейін:

- Жетекті белдіктің керілуін тексеру және реттеу;
- Ауа сүзгісін тексеріп, қажет болған жағдайда оны тазарту;
- Редуктордағы майды ауыстыру;
- Қозғалтқыштағы майды ауыстыру;
- Оталдыру білтесін тексеру;
- Отын тұндырғысын тазарту.

200 сағат жұмыстан кейін:

- Клапанлардағы саңылауларды тексеру және реттеу;



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсетуді жүргізу ережелерін қозғалтқыштың нұсқаулығынан қараңыз.

Жетекті белдіктің керілуін реттеу

Жаңа мотоблоктарда немесе жаңа белдікті орнатқаннан кейін 5 сағат жұмыс істегеннен кейін белдіктің керілуін тексеріңіз. Одан әрі әрбір 50 сағат жұмыстан кейін тексеру қажет. Бұл жұмыстар керу сымарқанының ұзындығын реттеу жолымен жүргізіледі. Бұл үшін сымарқанның сомынын бұрап босатып, белдіктің керілуін реттеу қажет.

Тіркеме иінтірегінің $\frac{1}{2}$ белгісін басқан кезде мотоблоктың қозғала бастауы сымарқанның оңтайлы реттелуі болып табылады.

«Владимир» мотоблогы реттелген жетекті белдігімен жеткізіледі.

Редуктордағы майды ауыстыру

Сіздің мотоблогыңыз ішіне май құйылған редукторымен жеткізіледі. Қоршаған ортадан қорғау мақсатында контейнердің

астына пайдаланылған майды жинауға арналған контейнерді орналастырыңыз. Кәдеге жаратуды өз аймағыңыздың табиғат қорғау заңнамасына сәйкес жүргізіңіз.

1. Мотоблокты тегіс және жазық жерге орнатыңыз;
2. Құятын және ағызатын май тығындарын бұрап шығарыңыз;
3. Мотоблокты еңкейтіп, майды дайындалған ыдысқа құйып алыңыз;
4. Ағызатын май тығынын бұрап бекітіңіз;
5. Ұсынылған майды құйыңыз. Майды тек тік қалпында құю керек;
6. Май құю тығынын орнына орнатыңыз.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Редуктордың жоғарғы бетіндегі трансмиссиялық майдың аққан іздері оның шектен тыс көп екенін көрсетеді. Трансмиссиялық майдың артығын құйып алыңыз.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықтың барлық талаптарын орындаған жағдайда бұйымның қызмет көрсету мерзімі 5 жылды құрайды. Қызмет көрсету мерзімі аяқталған соң, техниканы тұрмыстық қалдықтарға тастамаңыз! Мезгілді қызметін атқарған аспап Сіздің аймақтағы техника мен жабдықтарды кәдеге жарату жөніндегі нормативтік актілерге сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс.

Мотоблоктар төмендегі нормативтер мен тех.регламенттерге сай:

«Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 010/2011 КО ТР,
«Техникалық құралдардың электромагнитті үйлесімділігі» 020/2011 КО ТР

Шектік күйлердің өлшемі

- Фрезалар мен редуктордың жетекті белдіктерінің жағдайын бақылау қажет.
- Фрезалардың элементтері сынған жағдайда пышақты немесе тұтас фрезаны ауыстыру қажет (олардың конструкциясына қарай).
- Жетекті белдіктердің тайғанауы немесе пішінінің өзгеруі анықталған жағдайда оларды ауыстыру қажет.
- Редуктордың элементтерінде майдың аққан іздері немесе қою консистенциялы майлану анықталған жағдайда майдың аққан ізін кетіру үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну керек. Сыздарлы жағдайлардың өлшемдері
- Қозғалтқышта бөгде дыбыстар туындаған жағдайда, тез арада қозғалтқышты сөндіріп, жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Редукторда бөгде дыбыстар туындаған жағдайда, тез арада мотоблокты сөндіріп, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Беріліс сыналған жағдайда авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну қажет.

САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ

Мотоблокты табиғи желдеткіші бар жайда сақтау қажет. Сақтау шарттарының санаты 15150 МемСТ-ы бойынша 2 (с). Ары-бері аударуға, бір бүйірімен қоюға және көлденеңінен 20 градустан артық еңкейтуге, сондай-ақ химиялық белсенді заттармен бірге бір жайда сақтауға болмайды.

Ұзақ сақтаған жағдайда бұзылудан қорғау қажет:

- Барлық боялған беттерін жуып, құрғатып сүртіңіз. Боялмаған металл беттерін керосинмен сүртіп, техникалық вазелин жағып қою қажет;
- Бақтағы бензинді құйып алып, ағызғыш тығынынан отынды ағызу жолымен оны карбюратордың қалтқылы камерасынан алып тастаңыз.
- Оталдыру білтесін бұрап алып, бірнеше тамшы мотор майын цилиндрге құйыңыз. Май цилиндрдің ішкі бетіне жайылуы үшін стартерді бірнеше рет бұраңыз.

Сақтау мен бұзылудан қорғау талаптары орындалған жағдайда мотоблоктың жарамдылық мерзімі шектелмеген.

Тасымалдау

Өнімді 15150-89 МемСТ-ы бойынша 8 тасымалдау шарттарына сәйкес, кез-келген жабық көлікпен, өндірушінің қаптамасында немесе онсыз, бұйымды механикалық зақымданудан, атмосфералық жауын-шашыннан, химиялық белсенді заттардың әсерінен қорғай отырып және сынғыш жүктерді тасымалдау кезіндегі сақтық ша-

раларын сақтай отырып тасымалдауға болады. Тиісті көтергіш жабдық пен техниканы пайдаланыңыз.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Мотоблокты арту немесе түсіру кезінде ерекше сақтық шараларын сақтау қажет.

Мотоблокқа жақын маңда адамдардың жоқтығына көз жеткізіңіз.

Тасымалдау кезінде мотоблокты жеткілікті биіктікке көтеріңіз. Бекіту үшін арнайы қапсырма мен рөлді қолданыңыз.

Аударылып қалуының алдын алу үшін мотоблокты көлік құралына бекітіңіз.



НАЗАР САЛЫҢЫЗ! Мотоблокты көлденеңінен 20°-тан артық еңкейткен қалпында тасымалдауға тыйым салынады!

ЫҚТИМАЛ АҚАУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

Мәселе	Ықтимал себептері	Жою әдістері
Қозғалтқыш оталмайды	Отынның берілуі жоқ. Қозғалтқыш сөндірулі. Оталдыру білтесі кірлеген. Қозғалтқыш суық. Жану камерасында отын шектен тыс көп.	Отын бағын толтырыңыз және отын шүмегін ашыңыз. Қозғалтқышты қосыңыз. Білтені тазартыңыз, электродтағы саңылауды тексеріңіз және реттеңіз. Дроссельді жапқышты жабыңыз. Дроссельді жапқышты ашыңыз және стартерді бірнеше рет бұраңыз.
Қозғалтқыш жұмыс істемейді, мото-блок қозғалмайды, дөңгелектер немесе фрезалар айналмайды.	Қозғалтқыштың айналу жиілігі тым аз. Жетекті біліктің керілуі әлсіреген. Ауа сүзгісі бұғатталған. Беріліс қосылмайды.	Жылдамдық дросселін ең жоғарғы деңгейге орнатыңыз. Белдікті тартыңыз. Ауа сүзгісін тазартыңыз немесе ауыстырыңыз. Мамандандырылған сервистік орталықта жөндеуден өткізіңіз.
Мотоблокпен жұмыс істеу кезіндегі қиындықтар	Топырақ тым құрғақ және қатты. Түреннің биіктігі реттелмеген.	Топырақты жібітіңіз / жер жыртуға қолайлырақ уақытты күтіңіз. Түреннің биіктігін реттеңіз.
Топырақ кесектерінің пайда болуы	Топырақ тым ылғалды.	Жер жыртуға қолайлырақ уақытты күтіңіз.

РАСШИФРОВКА СЕРИЙНОГО НОМЕРА / СЕРИЯЛЫҚ НӨМІРДІҢ ТҮСІНДІРМЕСІ

2018 / 02 / 12345678 / 0001

2018 – год производства
өндірілген жылы





02 – месяц производства
өндірілген айы

12345678 – код модели
үлгі коды





0001 – индекс товара
тауар индексі






ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ АКСЕССУАРЫ И ПРИНАДЛЕЖНОСТИ / ҚОСЫМША АКСЕССУАРЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

Для расширения зоны использования и применения для мотоблоков дополнительно возможно применение следующих аксессуаров: Мотоблоктарға арналған пайдалану және қолдану аймағын кеңейту үшін қосымша төмендегі аксессуарларды қолдануға болады:





1.	490 00 1345	<p><u>Комплект навесного оборудования КНО-М</u> Грунтозацепы 400 мм, - 2 шт. Удлинитель – 2 шт. Сцепка – 1 шт. Окучник – 1 шт.</p>	<p><u>КНО-М топсалы жабдық жиынтығы</u> Топырақілгіштер 400 мм, - 2 д. Ұзартқыштар – 2 дана. Тіркеме – 1 д. Түптегіш – 1 д.</p>	
2.	490 00 1937	<p><u>Сцепка универсальная СЦ 120.320.4</u> Ширина 120 мм Длина 320 мм</p>	<p><u>СЦ 120.320.4 әмбебап тіркемесі</u> Ені 120 мм Ұзындығы 320 мм</p>	
3.	490 00 2017	<p><u>Удлинитель колесных осей УМБ S24.370</u> Длина – 370 мм</p>	<p><u>УМБ S24.370 дөңгелек осьтерінің ұзартқышы</u> Ені – 370 мм</p>	
4.	490 00 2019	<p><u>Фреза S-24 МБ ФS24.390.382 ГФ</u> 6-гранная втулка. Диаметр - 390 мм</p>	<p><u>Фреза S-24 МБ ФS24.390.382 ГФ</u> 6 қырлы тығын. Диаметрі - 390 мм</p>	

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ АКСЕССУАРЫ И ПРИНАДЛЕЖНОСТИ / ҚОСЫМША АКСЕССУАРЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

5.	490 00 1130	<p><u>Картофелевыкапыватель KB 550.445.5</u> Ширина 550 мм Высота 445 мм</p>	<p><u>KB 550.445.5 Картоп қазғышы</u> Ені 550 мм Биіктігі 445 мм</p>	
6.	490 00 1050	<p><u>Окучник однорядный</u> ОК1 350.585</p>	<p><u>Бірқатарлы түптегіш</u> ОК1 350.585</p>	
7.	490 00 1035	<p><u>Окучник дисковый раздвижной ОКД 700.625.17</u></p>	<p><u>ОКД 700.625.17 дискілі жылжымалы түптегіші</u></p>	
8.	490 00 1000	<p><u>Плуг ПЛ 120.400.210.3</u> Без сцепки. Ширина лемеха 120 мм Высота 400 мм Длина ножа 210 мм Вес 2,8 кг.</p>	<p><u>ПЛ 120.400.210.3 соқасы</u> Тіркемесіз. Түреннің ені 120 мм Биіктігі 400 мм Пышақтың ұзындығы 210 мм Салмағы 2,8 кг.</p>	

9.	490 00 1650	<u>Ступица АХ 23 подвижная на шестигранную ось 23 мм</u> Длина втулки 250 мм	<u>23 мм алтықырлы оське жылжымалы АХ 23 құпшегі</u> Тығынның ұзындығы 250 мм	
10.	490 00 1070	<u>Грунтозацепы ГР3 400.180</u> Диаметр 400 мм Ширина 180 мм	<u>ГР3 400.180 топырақ ілгіші</u> Диаметрі 400 мм Ені 180 мм	
11.	490 00 1065	<u>Грунтозацепы ГР3 460.180</u> Диаметр 460 мм Ширина 180 мм	<u>ГР3 460.180 топырақ ілгіші</u> Диаметрі 460 мм Ені 180 мм	
12.	490 00 1075	<u>Грунтозацепы для окучивания ГР1 685.12</u> Диаметр 685 мм Ширина 125 мм.	<u>ГР1 685.12 түптеуге арналған топырақілгіші</u> Диаметрі 685 мм Ені 125 мм.	
13.	490 00 2012	<u>Стопоры колес / фрез С8</u> Диаметр 8 мм	<u>С8 дөңгелектер/фрезалар тежегіші</u> Диаметрі 8 мм	

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ АКСЕССУАРЫ И ПРИНАДЛЕЖНОСТИ / ҚОСЫМША АКСЕССУАРЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

14.	490 00 1378	<p><u>Отвал снежный ОС 100</u> Поворотный с резиновой вставкой.</p>	<p><u>ОС 100 қар қайырмасы</u> Бұрылыстық резіңке ендірімесімен.</p>	
15.	490 00 1376	<p><u>Адаптер передний универсальный ПАТРИОТ АП 5</u></p>	<p><u>ПАТРИОТ АП 5 алдыңғы әмбебап адаптері</u></p>	
16.	490 00 1523	<p><u>Прицеп универсальный ПМ-03</u> Кузов металлический, несамосвальный, съёмный.</p>	<p><u>ПМ-03 әмбебап тіркемесі</u> Өзі аудармайтын, алмалы-салмалы металл кузов.</p>	
17.	490 00 1380	<p><u>Модуль пахотно-ездовой ПМ-05</u></p>	<p><u>ПМ-05 жер жырту-міну модулі</u></p>	

УСТРОЙСТВО БЕНЗИНОВОГО МОТОБЛОКА / БЕНЗИНДІ МОТОБЛОКТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ





Рис. 1 / 1 сур

СБОРКА БЕНЗИНОВОГО МОТОБЛОКА / БЕНЗИНДІ МОТОБЛОКТЫ ҚҰРАСТЫРУ



ШАГ 3(б) / 3(б) ҚАДАМ Рис. 2 / 2 сур




ШАГ 3(в) / 3(в) ҚАДАМ Рис. 3 / 3 сур


***ВНИМАНИЕ!** Установка ножей осуществляется за установочную платформу. При этом режущая кромка ножа должна находиться по ходу движения фрезы.

***НАЗАР САЛЫҢЫЗ!** Пышақтар орнату платформасының артына орнатылады. Бұл жағдайда пышақтың кескіш жиегі фрезаның қозғалыс жүрісінің бойында тұруы тиіс.

ЗАПУСК И ОСТАНОВКА БЕНЗИНОВОГО МОТОБЛОКА



ШАГ 1 / 1 ҚАДАМ Рис. 4 / 4 сур



ШАГ 2 / 2 ҚАДАМ Рис. 5 / 5 сур

ПАТРИОТ

КОМПЛЕКТАЦИЯ / ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ

КОМПЛЕКТАЦИЯ / ЖИЫНТЫҚТЫЛАУ

МОТОБЛОК БЕНЗИНОВЫЙ / БЕНЗИНДІ МОТОБЛОК	1 ШТ. / 1 ДАНА
КОЛЕСО ПНЕВМАТИЧЕСКОЕ / ПНЕВМАТИКАЛЫҚ ДОҢҒАЛАҚ	2 ШТ. / 2 ДАНА
ФРЕЗЫ ДЛЯ КУЛЬТИВИРОВАНИЯ / ФРЕЗЫ ҮШІН ӨСІРУ	6 ГРУПП ПО 4 НОЖА / 6 ТОП 4 ПЫШАҚТАН
СОШНИК / ТҮРЕН	1 ШТ. / 1 ДАНА
ИНСТРУКЦИЯ С ГАРАНТИЙНЫМ ТАЛОНОМ / НҰСҚАУЛЫҚ КЕПІЛДІК ТАЛОНЫМЕН	1 ШТ. / 1 ДАНА

СВИДЕТЕЛЬСТВО О ПРИЕМКЕ / ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

СВИДЕТЕЛЬСТВО О ПРИЕМКЕ / ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Соответствует техническим условиям 4737-002-01436219-2016 / техникалық шарттарына сай

Двигатель / Қозғалтқыш № _____

Дата выпуска / Шығарылған күні _____

ОТК / ТББ _____